

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ



Бекітемін
Филология және көптілді білім беру
институтының директоры
Б. Әбдіғазизұлы
2018 ж.



«6М020500 – Филология» мамандығы бойынша

ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2018

Қабылдау емтиханының бағдарламасы:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылдың 17 маусымындағы № 261 бұйрығымен бекітілген магистратура мен докторантураға қатысты «Қазақстан Республикасындағы жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты»;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 19 қаңтарындағы № 109 қаулысымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгі ережесі»;
- ҚР БЖҒМ 2013 ж. 10 сәуіріндегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 158 бұйрығымен бекітілген «6М020500 – Филология» мамандығының үлгілік оқу жоспары негізінде даярланды.

Құрастырушылар: ф.ғ.д., доцент Н.А. Ильясова

Филология және көптілді білім беру институты директорының _____ С.А. Жиренов
оқу ісі жөніндегі орынбасары

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Филология және көптілді білім беру институтының Ғылыми кеңесінде бекітілді: № ____ хаттама, «__» _____ 2018 ж.

«Филология» мамандығы бойынша магистратураға түсу емтиханының бағдарламасы

Бағдарлама профильді пәндердің міндетті және таңдау компоненті бойынша қазақ тіл білімі салалары және лингвистикалық пәндер мен қазақ әдебиеті мен қазақ әдебиеттану пәндерінің бағдарламасы негізінде жасалды.

Сұрақтар бағдарламаның негізгі мазмұнына сай абитуриенттің арнайы ғылыми дайындығын айқындауға көмектеседі. Қабылдау емтиханының бағдарламасы жалпы тіл білімі, қазақ әдеби тілінің тарихы, қазақ тілінің фонетикасы, морфологиясы, сөзжасамы, синтаксисі сонымен қатар, халық ауыз әдебиеті, ежелгі дәуір және XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті, XIX-XX ғасырдағы қазақ әдебиеті, қазіргі қазақ әдебиетіне қатысты пәндерден талапкердің теориялық және практикалық білім-біліктілігін, даярлығын тексеру үшін құрастырылды.

Бағдарлама мазмұны

Тіл біліміне кіріспе.

Жазу. Дыбыстау тілі және жазу. Қоғамның және тілдің дамуындағы жазудың рөлі. Жазудың шығуы мен даму кезеңдері. Пиктографиялық жазу, идеографикалық жазудың шығуы; иероглифтер. Буын және әріп жазуы; Жазу және әліпби. Грек, латын және араб әліпбиі. Кириллица.

Орфография. Орфографияның принциптері; морфологиялық, фонетикалық, қалыпты және идеографиялық принциптер. Қазақ және орыс тілдерінің орфографиялық ерекшеліктері. Транслитерация және транскрипция.

Тілдің мәні. Тілдің қоғамдық мәні. Мемлекеттік саясат және тіл. Тілдің негізгі қызметі. Тілдің танымдық және коммуникативтік қызметі. Қазақ тілінің қызметінің кеңеюі. Тіл және ойлау. Ойлау жүйесі мен тілдік бірліктердің қарым-қатынасы. Тіл және сөйлеу.

Тілдің атауыштық (номинация) және вербальдық қарым-қатынасы. Тілдің территориялық және әлеуметтік жағынан жіктелуі. Тілдің стильдік жіктелуі. Сөздің функционалды-стильдік және экспрессивті-стильдік бояуы.

Тілдің тарихи дамуы. Тілдің тарихы мен қоғам тарихының байланыстылығы. Тіл дамуының сыртқы және ішкі факторлары.

Тілдің шығуы. Тілдің шығуы жайлы теориялар. Біртұтас тіл теориясы. Тілдің даму кезеңдері. Халықтардың және тілдерің қалыптасуы. Ұлт тілдері.

Қазіргі қазақ тілі фонетикасы.

Қазақ тілі дыбыстарының құрамы мен түрлері. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар жүйесі: құрамы, емлесі. Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар жүйесі: түрлері, жіктелуі. Қазақ тіліндегі буын үндестігі, түрлері, ерекшеліктері. Дыбыс үндестігі, түрлері, белгілері. Дыбыстардың өзгерістері: игерулі (комбинаторлық), шектік (позициялық), игерусіз (спонтанды). Графика және

орфография. Қазіргі қазақ орфографиясының негізгі принциптері. Қазақ тілінің буын жүйесі: түрі, құрамы, жылысуы. Тасымал.

Тіл дыбыстарының акустикалық, артикуляциялық сипаты.

Тіл дыбыстарының акустикалық аспектісі. Дауыстың жоғарылығы, ұзақтылығы, күштілігі, тембр. Дыбыс жасауда шуыл мен салдырдың рөлі.

Тіл дыбыстарының артикуляциялық аспектілері. Сөйлеу аппараты, оның құрылысы мен мүшелерінің қызметі.

Активті және пассивті сөйлеу мүшелері. Өртүрлі тілдердің дыбыс жасау артикуляциясындағы сөйлеу мүшелерінің қызмет ерекшеліктері. Артикуляция ұғымы. Дыбыс артикуляциясының үш кезеңі. Тіл дыбыстарын жіктеу принциптері. Дауысты және дауыссыз дыбыстар. Дауысты дыбыстардың жасалуындағы артикуляциялық белгілер (тілдің, жақтың, еріннің қатысына қарай).

Дауыссыздардың жасалу орнына қарай, дауыстың, шудың қатысына, ұяң, қатаңдығына қарай жіктелуі. Аффрикат дыбыстар. Сонор дауыссыздар. Олардың өртүрлі тілдердегі қызметі.

Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. Лексикологияның бөлімдері: ономонология, семасиология, фразеология, этимология, лексикография.

Сөз – тілдік единица. Сөзге тән басты белгілер. Сөздің жалпылаушылық қызметі. Сөз және ұғым. Сөздің атауыштық қызметі. Сөздің «ішкі формасы» жайлы ұғым. Дәлелдемелі (мотивированные) және дәлелдемесіз (немотивированные) сөздер. Сөздің лексикалық мәні.

Семасиология. Сөз және мағына, түрлері. Лексикалық антонимдер, олардың түрлері, пайда болу жолдары, стилистикалық мәні, зерттелу жайы. Лексикалық табу мен эвфемизмдер, олардың пайда болу жолдары, өзіндік сипаты мен мәні. Сөздің көп мағыналылығы, олардың пайда болу жолдары: метафора, метонимия, синекдоха. Қазақ тілінің сөздік құрамы, оның қалыптасуы мен дамуы, ерекшеліктері. Сөздердің стильдік қызметіне байланысты түрлері, зерттелуі. Сөздің көп мағыналылығы. Моносемия және полисемия. Сөздің тура және ауыспалы мағыналары. Сөз мағынасының ауысу түрлері. Полисемия және омоним. Оманимнің түрлері. Оманимдердің пайда болу жолдары.

Тілдің сөздік құрамы. Тілдің лексика-семантикалық жүйесі. Синонимия. Синонимдердің түрлері. Синонимдік қатар. Антонимдер. Сөз мағыналарына компоненттік анализ беру. Сөз мағынасы мен тілдер арасындағы айырмашылықтар.

Сөздік құрамның стильдік қабаттары. Жалпыхалықтық лексика. Әдеби тіл, кітаби, қарапайым, ауызекі сөйлеу тілі лексикасы. Сөздің экспрессивті-эмоционалды бояуы. Диалектизмдер. Кәсіби сөздер мен терминдер. Жаргон сөздер мен қарапайым сөздер.

Сөздік құрамның тарихи дамуы. Тілдің актив және пассив қабаттары. Тілдің актив қабатынан сөздің ығысуы және жаңа сөздердің пайда болу құбылысы. Сөз мағынасының көнеру процесі. Лексикалық және семантикалық архаизмдер мен истроизмдер.

Неологизмдер, олардың пайда болу жолдары. Қоғамның қазіргі даму кезеңіндегі қазақ тілі лексикасының даму ерекшелігі.

Тілдің сөздік құрамының даму, баю жолдары. Фразеология, тұрақты тіркестердің басты белгілері, түрлері. Қазақ лексикографиясының қалыптасуы мен зерттелу тарихы. Этимологияның негізгі объектісі, зерттеу әдістері, өзіндік ерекшеліктері мен принциптері. Еркін тіркестер мен тұрақты тіркестер. Тұрақты тіркес пен идиоматика туралы түсінік. Тілдегі фразеологиялық единицалардың негізгі түрлері, олардың қызметі мен пайда болу негіздері. Фразеологизмдерді топтастырудың түрлері.

Қазіргі қазақ тілі морфологиясы. Грамматика және оның салалары

Негізгі грамматикалық ұғымдар. Сөз құрамы, морфема, оның түрлері. Грамматикалық мағына, оның түрлері және берілу жолдары. Сөз таптары және олардың мағыналық түрлері. Сөздің грамматикалық мағынасы мен лексикалық мағынасы. Жалпы және жеке грамматикалық мағыналар.

Сөз құрылысы. Морфема – сөздің ең кішкентай мағыналық бөлшегі екендігі. Түбір және аффикс морфемалар. Сөз тудырушы, форма тудырушы аффикстер.

Сөз формасы. Сөз формасы негіз бен форма тудырушы аффикстің бірлігі екендігі. Синтетикалық және аналитикалық сөз формалары.

Зат есімнің грамматикалық категориялары және түрлену жүйесі. Септік жалғауларының мағыналары мен қызметі. Сын есім. Шырай түрлері: 1) жай шырай, 2) салыстырмалы шырай, 3) күшейткіш шырай, 4) асырмалы шырай. Шырай түрлерінің әрқайсысының мағынасы, жасалу жолдары, әр шырайдың өзіндік тұлғасы. Сын есімнің синтаксистік қызметі.

Сан есім. Сан есім сөздердің өзіндік ерекшеліктері, оның басқа сөз таптарына ұқсамайтын жақтары.

Сан есім заттың сындық белгісін білдіретін заттық белгісін білдіруі жағынан сын есімге ұқсастығы, соған қарай сын есімнің де зат есіммен тіркесте көбірек қолданылуы. Есімдік, есімдіктің мағыналық топтары: 1) жіктеу есімдіктер; 2) сілтеу есімдіктер; 3) сұрау есімдіктер; 4) өздік есімдіктер; 5) белгісіздік есімдіктер; 6) болымсыздық есімдіктер; 7) жалпылау есімдіктер.

Етістік. Негізгі түбір етістіктер, туынды түбір етістіктер. Дара, күрделі етістіктер. Күрделі етістіктер жүйесі ол туралы қазіргі тіл білімінің жаңа пайымдаулары тең компонент күрделі етістік, құрамды етістік, аналитикалық формалы етістік т.б. Етістіктің лексика-грамматикалық және грамматикалық категориялары.

Қазіргі қазақ тілі синтаксисі. Сөз тіркесі синтаксисі. Жай сөйлем синтаксисі. Құрмалас сөйлем синтаксисі.

Есімді тіркестер. Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде зерттелу жайы. Қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің табиғаты. Зат есімді тіркестер. Сын есім мен зат есімдерден құралған сөз тіркестері. Есімдіктер мен зат есімдерден құралған сөз тіркестері. Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің номинативті тіркестерге немесе күрделі сөздерге ұласуы.

Матаса байланысқан есімді сөз тіркестері. Матаса байланысқан сөз тіркестерінің зерттелуі. Матаса байланысқан сөз тіркестерінің табиғаты. Изафеттің екінші, үшінші түрі, ара қатынасы. Изафеттің екінші түрін матасуға немесе қабысуға жатқызу туралы көзқарастар. Матаса байланысқан сөз тіркестерінің екінші сыңары. Матаса байланысқан сөз тіркестерінің атаулық тіркестерге ұласуы.

Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері. Меңгеріле байланысқан сөз тіркестерінің зерттелуі. Меңгерудің түрлері: Етістікті меңгеру, ортақ меңгеру, есім меңгеру. Есім меңгердің қалыптасуы, дамуы және оның ортақ меңгерумен арақатынасы. Есім меңгерудің ерекшеліктері және оның түрлері. Сын есімнің меңгеруі, зат есімнің меңгеруі, модальдық сөздердің меңгеруі т.б.

Етістікті сөз тіркестері. Етістікті сөз тіркестері туралы жалпы түсінік. Қабыса байланысқан сөз тіркестері. Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңардың ыңғайына қарай үстелуі, еліктеуіш сөзді, көсемшелі, сын есімді, сан есімді, зат есімді сөз тіркестері болып бөлінетіндігі.

Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері. Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестерінің дамуы. Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері туралы жалпы түсінік. Табыс септігіндегі сөздің ашық, жасырын қолданылу себептері. Меңгерудің қабысуға ұласуы. Байланысу дәрежесіне қарай берік меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері, әлсіз меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестерінің іштей жалаң берік меңгеру, қосарлы берік меңгеру болып бөлінетіндігі. Сабакты етістіктердің меңгеруі, салт етістіктердің меңгеруі, ара қатынасы, бірінен екіншісіне ұласып отыруы. Етістіктердің меңгеруге тигізетін ықпалы. Қазақ тіліндегі меңгеру жүйесі және оның өзге түркі тілдерінен ерекшелігі.

Сөйлем мүшесі туралы түсінік. Сөздердің сөйлем мүшесі болуының негізгі шарттары. Дара, күрделі, үйірлі мүшелері, бұларды бір-бірінен ажырату жолдары, белгілері. Атқаратын қызметіне қарай сөйлем мүшелерінің тұрлаулы және тұрлаусыз болып екі топқа бөлінетіндігі.

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Тұрлаулы мүшелер – сөйлем құраудың негізі.

Бастауыш. Бастауыштың мағыналық, тұлғалық белгілері. Бастауыш болатын сөз таптары. Бастауыштың құрамына қарай дара, күрделі болып бөлінетіндігі. Күрделі бастауыштың жасалу жолдары. Үйірлі бастауыштар, өзіндік ерекшеліктері.

Баяндауыш. Баяндауыш туралы жалпы түсінік. Баяндауыштың қазақ тілінде зерттелуі. Баяндауыштың тұлғалық белгілері, сөйлемдегі орны. Баяндауыш болатын сөз таптары. Қандай сөз табынан болатындығына қарай есім баяндауыштар және етістік баяндауыштар болып бөлінетіндігі және олардың бір-бірінен ерекшеліктері. Етістік баяндауыштар. Етістіктен болған дара баяндауыштар. Етістіктен болған күрделі баяндауыштар, олардың жасалу жолдары. Күрделі баяндауыштардың қимыл кезеңдерін білдіруі. Есім баяндауыштар. Есім баяндауыштар туралы жалпы түсінік. Есім

баяндауыштардың қалыптасуы мен дамуы. Зат есімдерден болған баяндауыштар. Сапалық есімдерден /сын есім, сан есім/ болған баяндауыштар. Модальдық сөздерден болған баяндауыштар. Есімдерден болған күрделі баяндауыштар және олардың жасалу жолдары. Құрама баяндауыштар. Құрама баяндауыштардың жасалу жолдары. Құрама баяндауыштардың есім баяндауыштарға ұласуы.

Баяндауыш пен бастауыштың қиысуы. Жалпы түсінік. Жақтық қиысу, сандық қиысу. Бастауыш пен баяндауыштың қиыспайтын түрлері. Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшалар және олардың мәні мен атқаратын синтаксистік қызметі.

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері. Анықтауыш. Анықтауыштың жалпы сипаттамасы. Анықтауыш болатын сөз таптары. Анықтауыштың анықталушы сөзбен қабыса және матаса байланысуы. Сын есімдер мен сілтеу есімдіктерінен болған анықтауыштар. Сан есімдерден болған анықтауыштар. Есімшелерден болған анықтауыштар. Зат есімдерден болған анықтауыштар. Құрылысына қарай анықтауыштың дара және күрделі болып бөлінетіндігі. Күрделі анықтауыштың үйірлі анықтауыштан ерекшелігі. Күрделі анықтауыштың жасалу жолдары.

Толықтауыш. Жалпы түсінік. Толықтауыш тұлғалық және мағыналық белгілері. Толықтауыш болатын сөз таптары. Мағынасына, синтаксистік қызметіне және тұлғасына қарай толықтауыштың тура және жанама болып бөлінетіндігі және өзіндік ерекшеліктері.

Тура толықтауыш. Тура толықтауыштың табиғаты. Тура толықтауыштың табыс септік жалғаулы түрінде, сондай-ақ табыс септік жалғаусыз түрінде қолданылуы және ол туралы көзқарастар. Тура толықтауыштың септік жалғаулы түрінде қолданылатын реттері.

Жанама толықтауыш. Жалпы түсінік. Тұлғалық жағынан толықтауыш болатын кейбір сөздердің мағыналық жағынан пысықтауышқа жататындығы. Жанама толықтауыштың мағыналары. Барыс септікті толықтауыштар. Шығыс септікті толықтауыштар. Жатыс септікті толықтауыштар. Көмектес септікті толықтауыштар. Дара және күрделі толықтауыштар. Үйірлі толықтауыштар. Күрделі толықтауыштардың жасалу жолдары. Толықтауыш пен толықталушы сөздердің арасындағы синтаксистік байланыстың түрлері.

Пысықтауыш. Пысықтауыш туралы жалпы түсінік. Пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер. Пысықтауыштың мағынасына қарай бөлінуі: мезгіл, сын-қимыл, мақсат, себеп пысықтауыштар және олардың жасалу жолдары. Дара, күрделі және үйірлі пысықтауыштар. Күрделі пысықтауыштардың жасалу жолдары. Пысықтауыш пен пысықталушы сөздердің арасындағы синтаксистік байланыс.

Жай сөйлемнің күрделену жолдары. Жай сөйлемнің бірыңғай мүшелер арқылы күрделенуі.

Бірыңғай мүше туралы жалпы түсінік. Бірыңғай мүшелердің өзіндік белгілері. Бірыңғай мүшелерді байланыстыратын жалғаулықтар. Бірыңғай тұрлаулы мүшелер. Бірыңғай тұрлаусыз мүшелер. Бірыңғай мүшелермен

байланысты айтылатын жалпылауыш сөздер және оларға байланысты қойылатын тыныс белгілері.

Үйірлі мүше. Үйірлі мүшенің жалпы сипаттамасы. Үйірлі мүше туралы түркологиядағы және қазақ тіл біліміндегі көзқарастар. Үйірлі мүшенің өзіндік белгілері. Оның жай сөйлем мен күрделі мүшеге ұқсастық жақтары және олардан айырмашылығы. Үйірлі мүшелердің жасалу жолдары. Үйірлі сөйлем мүшелері туралы.

Айқындауыш. Жалпы түсінік. Айқындауыш мүшенің атқаратын қызметі, тұлғалық белгісі, сөйлемдегі орны, интонациясы. Айқындауыштардың құрылысына қарай қосалқы, қосарлы, онашаланған айқындауыш болып бөлінетіндігі. Бұлардың бір-бірінен өзгешеліктері, тыныс белгілері.

Жай сөйлемнің оқшау сөздер арқылы күрделенуі. Оқшау сөздер туралы жалпы түсінік. Қыстырма сөздер. Қыстырма сөздердің құрамы. Дара, күрделі қыстырма сөздер. Қыстырма сөздер мен қыстырма сөз тіркестерінің мағыналарына қарай топтастырылуы. Қыстырма сөйлемдер және оның жай сөйлемге ұқсастық жағы мен өзгешелік жағы. Қыстырма сөздердің тыныс белгілері.

Одағай. Одағайдың мағыналық, тұлғалық белгілері. Мағыналарына қарай бөлінуі. Одағайға тән интонациялар, тыныс белгілері.

Қаратпа сөздер. Жалпы мағлұмат. Қаратпа сөздің құрамы. Қаратпа сөздің қалыпты тілде және көркем әдебиетте қолданылуы. Қаратпалардың сөйлемдегі орны. Қаратпа сөздердің тыныс белгілері. Модальдық сөздердің кейде оқшау сөздер мәнінде қолданылуы, тыныс белгілері.

Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі. Оның синтаксистік және стилистикалық мәні. Сөйлем мүшелерінің қалыпты орын тәртібі мен инверциялық түрі. Логикалық екпін түскен сөздердің сөйлемдегі орны. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі және оның қызметі. Бастауыштың сөйлемдегі орны. Толықтауыштың сөйлемдегі орны. Анықтауыштың сөйлемдегі орны. Пысықтауыштың сөйлемдегі орны.

Сөйлемнің түрлері. Айтылу мақсатына қарай сөйлемдердің хабарлы, сұраулы, бұйрықты болып бөлінуі.

Хабарлы сөйлем. Хабарлы сөйлем туралы түсінік. Хабарлы сөйлемге тән интонация. Хабарлы сөйлемнің құрылысы.

Сұраулы сөйлем. Жалпы түсінік. Сұраулы сөйлемдердің түрлері. Ашық сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер. Альтернатив сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер. Риторикалық сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер. Түрткі сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер. Жоғарыда аталған сөйлемдердің жасалу жолдары.

Бұйрықты сөйлемдер. Жалпы түсінік. Бұйрықты сөйлемдердің жасалу жолдары. Бұйрықты сөйлемдерге тән интонация. Бұйрықты сөйлемнің түрлері.

Лепті сөйлем туралы түсінік. Лепті сөйлемнің түрлері. Құрамы жағынан бейімделген лепті сөйлемдер. Баяндауыш мүшенің формасы арқылы қалыптасқан лепті сөйлемдер. Реплика ретіндегі лепті сөйлемдер. Ренішті, сесті білдіретін лепті сөйлемдер.

Жай сөйлемнің құрылымдық типтері. Жақты сөйлемнің сипаттамасы. Белгісіз жақты және жалпылама жақты сөйлемдер. Белгісіз жақты сөйлем баяндауыштарының жасалуы. Баяндауышы етістіктің жекеше 3-жағында тұратын белгісіз жақты сөйлемдер.

Жақсыз сөйлем туралы жалпы түсінік. Жақсыз сөйлемдердің жасалу жолдары. Күрделі баяндауыш құрамына **бол** көмекші етістігінің қатысуы арқылы жасалған жақсыз сөйлемдер. Күрделі баяндауышы - **У** тұлғалы тұйық етістік пен **керек** сөзінің тіркесінен жасалған жақсыз сөйлем. Күрделі баяндауышы барыс септігіндегі тұйық етістікке **тура келу** сөздерінің 3-жағы тіркесіп жасалған жақсыз сөйлемдер. Күрделі баяндауышы -қы, -кі, -ғы, -гі жұрнақтары қалау рай арқылы жасалатын жақсыз сөйлемдер. Күрделі баяндауышы тұрақты тіркестерден жасалған жақсыз сөйлемдер.

Жалаң, жайылма сөйлемдер. Олардың белгілері, ара қатынасы.

Толымды, толымсыз сөйлемдер. Жалпы түсінік. Толымды, толымсыз сөйлемдердің ара қатынасы, ерекшеліктері. Толымсыз сөйлемдердің қолданылатын орындары.

Атаулы сөйлем туралы түсінік. Атаулы сөйлемнің құрылымы. Атаулы сөйлемнің мағыналық түрлері.

Бір мүшелі сөйлем туралы. Бір мүшелі сөйлемнің табиғаты. Бір мүшелі сөйлемнің белгісіз, жақты, жақсыз, жалаң, жайылма, толымды, толымсыз және атаулы сөйлемдермен ара қатынасы, өзіндік ерекшеліктері.

Құрмалас сөйлем

Құрмалас сөйлемнің жалпы сипаттамасы. Оның қалыптасу, даму жолдарынан мәлімет. Құрмалас сөйлемнің өзіндік айырым белгілері, оның жай сөйлемдерден басты айырмашылығы. Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдарына қарай түрлері /салалас құрмалас, сабақтас құрмалас, көп құрамды құрмалас сөйлемдер/.

Салалас құрмалас сөйлемдер. Жалпы сипаттама. Салалас құрмалас сөйлемдердің өзіндік айырым белгілері. Оның жасалу жолдарына қарай түрлері /жалғаулықты салалас, жалғаулықсыз салалас сөйлемдер/.

Жалғаулықты салалас және жалғаулықсыз салалас сөйлемдердің мағыналарына қарай негізгі түрлері: жалғаулықты мезгілдес салалас сөйлем және оның жалғаулықтары. Жалғаулықсыз **мезгілдес** салалас сөйлем. Жалғаулықты **себеп-салдар** салалас сөйлем және оның жалғаулықтары. Жалғаулықсыз **себеп-салдар** салалас сөйлем. Жалғаулықты **қарсылықты** салалас сөйлем. Жалғаулықты **шартты** салалас сөйлем. Жалғаулықсыз **шартты** салалас сөйлем. Жалғаулықты **салыстырмалы** салалас сөйлем және оның жалғаулықтары. Жалғаулықсыз **салыстырмалы** салалас сөйлем.

Жалғаулық арқылы жасалатын салалас сөйлемдер: **талғаулы** салалас сөйлем, оның жалғаулықтары. **Кезектес** салалас сөйлем, оның жалғаулықтары.

Жалғаулықсыз салалас сөйлем. Түсіндірмелі салалас сөйлем. Көп компонентті салалас сөйлем. Мұның сыйыса айтылу жолдары.

Салалас құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері.

Сабақтас құрмалас сөйлем. Жалпы сипаттама. Сабақтас құрмалас сөйлем компоненттерінің грамматикалық табиғаты. Сабақтас құрмалас сөйлемнің айырым белгілері, оның салалас сөйлемнен негізгі айырмашылығы. Сабақтас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары: бағыныңқы компоненттің баяндауыш формасы /есімше, көсемше, шартты рай тұлғасы арқылы жасалуы/. Ұласпалы интонация арқылы.

Бағыныңқы сөйлемдердің топтастырылуы. Сабақтас құрмалас сөйлемнің жеке түрлері оның бағыныңқы компоненттері арқылы ажыратылуы. **Шартты** бағыныңқы сабақтас сөйлем компоненттерінің мағыналық ерекшеліктері. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем, оның жасалу жолдары. **Мақсат** бағыныңқылы сөйлем, оның жасалу жолдары. **Мезгіл** бағыныңқылы сабақтас сөйлем компоненттерінің мағыналық ерекшеліктері. **Себеп** бағыныңқылы сабақтас сөйлем, оның жасалу жолдары. **Амал** бағыныңқылы сабақтас сөйлем, оның жасалу жолдары. **Түсіндірмелі** сабақтас сөйлем, оның жасалу жолдары. Салыстырмалы сабақтас сөйлем, оның жасалу жолдары. **Үлестес** (мезгілдес) сабақтас сөйлем, оның жасалу жолдары.

Бағыныңқы сөйлемдердің орны тәртібі. Сабақтас құрмалас сөйлемдердің орын тәртібі, тыныс белгілері.

Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер. Бұлардың компоненттерінің бір-бірімен байланысу тәсілдеріне қарай түрлері: Бірыңғай көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем, сатылы көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

Аралас құрмалас сөйлем көп құрамды құрмалас сөйлемнің бірі екендігі, оның жасалу жолдары.

Құрмалас сөйлемнің зерттелу тарихы.

Бөгде сөз, оның түрлері. Бөгде сөз. Жалпы сипаттама. Бөгде сөздің түрлері: төл сөз, төлеу сөз және ортақ төл сөз. Бұлардың әрқайсысының өзіне тән өзіндік ерекшеліктері мен айырым белгілері. Төл сөздің берілу жолдары: диалог түрі, цитата түрі. Төл сөз бен автор сөзін байланыстырудағы де етістігінің қызметі. Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі, олардың тыныс белгілері.

Төлеу сөз. Жалпы сипаттама. Төл сөзді төлеу сөзге айналдырудың жолдары.

Ортақ төл сөз. Оның өзіне тән ерекшелігі, әдеби тілдің көркем стиль түрлерінде қолданылатындығы.

Мәтін. Мәтін – құрылымдық синтаксис пен қатысым синтаксисінің негізгі тұлға бірлігі екендігі. Оның белгілері, негізгі ұғым категориялары, құрылымдық ерекшелігі, түрлері. Сөйлеммен ара қатынасы. Мәтін лингвистикасының тіл білімінің жеке саласы ретінде қалыптаса бастауы. Күрделі синтаксистік тұтастық мәтін негізгі тұлға бірлігі.

Тыныс белгілері. Тыныс белгілері туралы жалпы түсінік. Тыныс белгілерінің қалыптасуы мен даму жолдары. Тыныс белгілерін дұрыс қою үшін үш түрлі белгінің негізге алынатындығы: сөйлемнің синтаксистік ерекшелігі, сөйлемнің мағынасы, сөйлемнің интонациясы. Хабарлы, сұраулы сөйлемдерге байланысты қойылатын тыныс белгілері. Бірыңғай мүшелер мен

оңашаланған мүшелер және оқшау сөздерге қатысты тыныс белгілер. Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын тыныс белгілер. Құрмалас сөйлемдердегі, бөгде сөз түрлеріндегі тыныс белгілер.

Жалпы тіл білімі. Тілдің теориялық мәселелері. Тіл мен сөйлеу, тіл мен ойлау, тіл және қоғам. Тілдің жүйелік, структуралық сипаттары. Тіл дамуының диахрондық, синхрондық аспектілері. Тіл білімі тарихының негізгі кезеңдері. Тілді зерттеу әдістері.

Қазақ әдеби тілінің тарихы. Әдеби тілге тән басты белгілер. Функционалдық стиль мен әдеби тілдің арақатынасы.

Қазақ тіл ғылымындағы орфоэпиялық заңдылықтар, олардың зерттелуі. Грамматикалық норманы айқындаудың басты белгілері. Қазақ тіл білімінде әдеби тілдің стилдік тармақтарына шолу жасаған алғашқы ғалымдар. Ресми стильдің қалыптасу кезеңі. Орфоэпиялық норманы айқындайтын принциптер. Морфологиялық принцип және оның әдеби тілде алатын орны. Н.Сауранбаевтың әдеби тіл кезеңдерін топтастыру жүйесі. Ұлттық кезеңге дейінгі қазақ жазба әдеби тіліндегі стильдер жүйесі. М.Балақаев, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов еңбектеріндегі әдеби тілді топтастыру кезеңдері. М.Балақаев, Ә.Құрышжанов еңбектеріндегі әдеби тіл кезеңдерінің топтастырылуы. Ұлттық жазба тіл қалыптасқанға дейінгі әдеби тіл нормасын айқындайтын факторлар. Қазақ әдеби тілінің бастау көзін айғақтайтын ескерткіштер. ХІХ ғ. І жарт. ресми іс-қағаздар тілі. Байырғы қазақ әдеби тілі. ХҮ-ХҮІІІ ғғ. қазақ әдеби тілі. ХҮІІ-ХҮІІІ ғғ. қоғамдық әлеуметтік факторлар, олардың әдеби тілде алатын орны. ХІХ ғ. ІІ жартысындағы қоғамдық-әлеуметтік, саяси факторлардың әдеби тілге ықпалы. *Әдеби тілдің сипаты.* Әдеби тіл туралы жалпы мәлімет. Ол жайындағы түрлі көзқарастар, анықтамалар. Әдеби тілдің нормалық белгілері, түрлері. Әдеби тіл нормаларының әр түрлі тарихи кезеңдерде тұрақтылық дәрежесі мен талаптардың бірдей еместігі.

Әдеби тіл және көркем әдебиет тілі, функционалдық стильдер.

Әдеби тіл мен ауызекі сөйлеу тілінің өзара байланысы. Сөйлеу тіліне тән ерекшеліктер. Сөздердің сөйлеу тіліндегі синтаксистік, морфологиялық және фонетикалық өзгешеліктері. Әдеби тілдегі сөздік қор мен ауызекі сөйлеу тіліне тән сөз байлығының бір еместігі. Диалектизм мен қарапайым сөздердің өзара айырмашылығы және олардың әдеби тілге қатысты стильдік қызметі. Диалектизм мен дублет сөздер (қазір-кәзір, бағана-мана т.б.).

Қазақ әдеби тілінің тарихи негіздері мен даму кезеңдері. Қазақ халқы – ежелгі түркі тайпаларының ұрпағы. Сондықтан түркі тайпаларының арасында туып, ғасырлар бойы ауызша және жазбаша түрде сақталып келген туындылар түркі халықтарының көпшілігіне, оның ішінде қазақ халқына да ортақ екендігі.

Ежелгі түркі тілдері ескерткіштері (Орхон-Енисей жазу нұсқалары) мен ұйғыр жазу ескерткіштерінің тілі.

Орта ғасыр (X-XV ғасырлар) түркі ескерткіштері батыс түркі тілдерінің ескерткіштері: 1) «Кодекс куманикустың» тілі; 2) қыпшақ тілдері: мамлюк қыпшақтарының тілі; армян қыпшақтарның тілі; Қожа Ахмет Йассауидің «Хикмет» өлеңдер жинағының тілі, оның қазақ тіліне қатысы; шығыс түркі

ескерткіштері; 1) Қараханидтер түріктерінің тілі; 2) Хорезм түріктерінің тілі; 3) шағатай түріктерінің тіліндегі ескерткіштер. Олардың фонетикалық, лексикалық және грамматикалық сипаты.

Қазіргі қазақ әдеби тілін қалыптастырудың алғашқы лабораториясы қазақтың бай ауыз әдебиеті екендігі.

Ауыз әдебиеті үлгілерінің тілін, біріншіден, олардың пайда болу дәуіріне қарай бөліп сипаттау, екіншіден олардың жанрлық классификациясына қарай айырып көрсету. Ауыз әдебиетінің лексикалық, морфологиялық сипаттамасы, көркемдеу тәсілдері, сөз тіркестіру амалдары; проза бөліктерінде сөздердің сөйлем ішіндегі орын тәртібі, құрмалас сөйлемдердің берілуі т.б. Халық ауыз әдебиеті нұсқаларындағы көне түркі элементтері мен оғыз, қарлұқ тілдері элементтері (лексикасы мен грамматикасы).

Қазақ тілі тарихын дәуірге бөлу принциптері, әдеби тіліміздің даму кезеңдері. Бұл жөніндегі көзқарастар. Қазақ әдеби тілінің бастамасы мен дәуірлерге бөлінуі туралы зерттеушілердің әр түрлі көзқарастарын жинақтай келгенде қазақ әдеби тілі тарихын XX ғасырдан бастап, оны мынандай дәуірлерге бөлуге болатындығы: 1) Қазақ халқының ұлттық кезеңге дейінгі әдеби тілі. ХҮ-XIX ғ. екінші жартысы; 2) Қазақ халқының ұлт болып қалыптасқан кезеңіндегі әдеби тілі XIX ғ. екінші жартысынан қазіргі кезеңге дейін.

Бұл екі дәуірді өз ішінен кезеңге бөліп қарауға болатындығы.

ХҮ-ХҮІІ ғасырлардағы қазақ әдеби тілі. Осы дәуірлердегі қазақ тілін танытатын үлгілер: а) халықтың сөйлеу тілі негізіндегі; б) жазба әдеби тілі дәстүріндегі нұсқалар болып бөлінетіндігі. Бұл қазақтың тілінің жасалып, қалыптасқан кезі.

Қазтуған Сүйінішұлы, Сыпыра жырау Сұрғалтайұлы, Асанқайғы, Доспамбет, Шалкиіз Тіленшіұлы, Жиёмбет, Марғасқа, Шобан жыраулардың өлең, толғау, жырларының лексикалық, грамматикалық сипаты. Олардың сөз қолданысын, көркемдегіш бейнелеу тәсілдерін ауыз әдебиеті үлгілерімен байланыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсету.

Қадырғали Жалайридың «Жамиғ-ат тауарих» (ХҮІ ғ.), Абулғазы Баһадүрдің «Шежіре-түрк» (ХҮІІ ғ.) шығармаларының тілін, ХҮ-ХҮІІ ғасырлардан қалған қазақ хандарының, тархандарының жарлықтары мен әр алуан іс қағаздарының (арыз, мәлімдеме, бұйрық т.б.) тілін талдап олардың қазақ тіліне қатысын көрсету. Бұлардағы орта ғасырлық түркі жазба тілінің белгілері, қазақтың сөйлеу тілінен алшақтайтын тұстары.

ХҮІІІ ғ. мен XIX ғ. I-жартысы аралығындағы қазақ әдеби тілі. ХҮІІІ ғ. мен XIX ғ. I-жартысындағы әдеби тіл бірқатар зерттеулерде өз алдына жеке кезеңдер болып қаралып жүргені. Шын мәнісінде, бұл екі кезеңдегі әлеуметтік хал ахуалда кейбір өзгешеліктер бар екендігіне қарамастан, олардағы әдеби тіл дамуы сапалық жағынан бірыңғай екендігі. Бұл кезеңдегі халықтың сөйлеу тілі мен ауыз әдебиеті тілі негізінде жырлаған ақын жыраулардың (Шал, Көтеш, Досқожа, Ақтамберді, Тәтіғара, Үмбетей, Бұқар т.б.) шығармалары тілінің лексикасы, морфологиялық сипаты; сөз тіркесу

амалдары, көркемдеу тәсілдері. Ақындар мектебінің әдеби тіл дамуындағы рөлі. Қазақ әдеби тілі дамуындағы Махамбет, Дулаттың алатын орны. Олардың шығармалары тілінің өзіне дейінгі халық тілімен ұштасатын және ерекшеленетін жерлері, өздеріне тән тілдік элементтері мен тәсілдері. Дулат ақын тіліндегі жазба әдеби тілге тән белгілер.

XIX ғасырдағы қазақ хандарының, старшиналарының әр алуан эпистолярлық құжаттарының тілі. Эпистолярлық стильдің ерекшеліктері. Кеңсе іс қағаздары стилінің пайда болуы. Патша үкіметі мен жергілікті әкімшілік орындарының бұйрықтары, мәлімдемелері т.б. қазақ тілінде жазылуы. Олардың тіліндегі түркі жазба әдеби тілі дәстүрінің көрінісі, стильдік нышандар, лексикалық сипаты, грамматикалық ерекшеліктері, орфографиясы. XIX ғасырдың 60-70 жылдарына дейінгі қазақ әдеби тілінің демократтана түсуі. Жазба дәстүр мен ауызекі сөйлеу элементтерінің араласа бастауы.

XIX ғ. II жартысы мен XX ғ. 20 жылдары аралығындағы қазақ әдеби тілі. а) XIX ғ. II жартысындағы қазақ әдеби тілі. Бұл кезеңдегі қазақ әдеби қоғамының саяси әлеуметтік, экономикалық және мәдени өміріндегі өзгерістер. 1867-1868 жылдардың реформалары бойынша халық ағарту саласында бірсыпыра шаралардың жүзеге асырылуы.

Қазақстанда оқу білімнің кеңірек таралуына жағдайлар жасалуы. Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметі.

Ғасырлар бойы жасап келе жатқан ауыз әдебиетінің озық үлгілерінің осы дәуірде қағазға түсіріле бастауы; кейбіреулерінің бастырылып шығарылуы.

Қазақ тілінде алғашқы мерзімді баспасөздің шығуы «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті», «Торғай газеті», «Ауыл шаруашылық листогі». Қазақ жазуы мен әдеби тілді қалыптастыру туралы мәселелердің көтеріле бастауы. Алғашқы газеттердің әдеби тілімізді дамытудағы, публицистикалық стильдің қалыптасуындағы рөлі. Ресми іс қағаздар стилінің әрі қарай дамуы. Эпистолярлық стильдің пайда бола бастауы. Аударма ісінің пайда болуы және оның қазақ әдеби тіліне тигізген әсері.

Бұл кезең де бұрынғы қазақ поэзиясы тілінің одан әрі дамуы. Шөже, Сүйінбай, Шортанбай, Күдері, Біржан, Ақан, Мұрат, Базар жырау т.б. шығармаларының қазақ әдеби тілінің даму барысындағы орны.

XIX ғ. 2-жартысында қазақ тілінің зерттеле бастауы, зерттеуші Н.И.Ильминский, В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, В.Катаринский т.б. сіңірген еңбектері. Қазақ тілі жайындағы алғашқы грамматикалар. Қазақ тілі материалдарын қамтыған сөздіктер, олардың түрлері, сипаты, сапасы және қазақ әдеби тілінің дамуына тигізген әсері.

Бұл кездегі әдеби тілдің ерекшеліктері. Сол тұста айтылған пікірлер: орыс ғалымдарының, Ыбырайдың, Абайдың айтқандары мен «Дала уәлаятының» бетінде жарияланған мақалалар.

Ағартушы-демократтық бағытағы адамдардың XIX ғ. 2-жартысындағы қазақ әдеби тілінің дамуына тигізген игілікті әсері. Мұны пайдалана отырып,

Ыбырай мен Абайдың қазақ әдеби тілін жаңа сатыға көтеруі. Абай мен Ыбырай шығармашылығы арқылы әдеби тіліміздің жаңа сапа қасиетке ие болуы, әрі қарайғы даму бағытының айқындалуы.

Қазақ әдеби тілін дамытуда Ы.Алтынсариннің орны. Ыбырай Алтынсарин қара сөзінің тілі және оның поэзиядағы сөз тігісі. Бұлардың сол кездегі қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы маңызы. Қазақ әдебиетінде мысал жанрының пайда бола бастауы. Осы мысал жанрының, қазақ әдебиетінде енді көріне бастаған қара сөз үлгілерінің әдеби тілімізді мүсіндей түскендігі.

Абай және жаңа дәуірдегі қазақ әдеби тілі. Абай Құнанбаев поэзиясының тілі – қазақ әдеби тілінің дамуындағы жаңа белес. Абай өлеңдерінің тақырыптық аясы, сөз қолдану аясының әр тараптылығы. Поэтикалық шеберлік әдеби тілдің дами түсуі. Абай «Қара сөздері», оның жанрлық және стильдік сипаты. Әдеби тілімізді дамытуға қатысы. Лексикалық құрамы, бөгде сөздер, грамматикалық және фонетикалық ерекшеліктер, бұл ерекшеліктердің арғы шығу тарихы.

Өткен ғасырдың 2 жартысында күн тәртібіне қойылған қазақ жазуы (әліпби) мәселесі. Ол жөніндегі пікірлер. Орыс графикасын пайдалану жөніндегі әрекеттер. Орыс графикасымен шыққан әдебиеттер.

Қазақ әдеби тілі лексикасының нормалану процесі (барлық үлгілер мен барлық стильдер бойынша жеке топтап алғанда), арабизмдер мен фарсизмдердің осы кезеңдегі қазақ лексикасындағы үлесі, актив қолданылған стильдер. Орыс тілінен, оның ішінде жазба әдебиет арқылы сөз ену процесі.

Грамматикалық нормаланудың жай-күйі: варианттылықтың орын алуы, іздену жолындағы ерекшеліктер, грамматикалық тұлға-тәсілдердің стильдерге қарай сараланбаған сипаты.

Бұл кездегі жазба үлгілер тіліндегі диалектизмдер мен қарапайым сөздердің көрінісі, олардың қызметі, арасалмағы.

Қазақ даласындағы «кітаби» әдебиеттің шығуы, таралуы, мазмұны, оның тілі – «кітаби тіл» туралы мағлұмат. Діни әдебиет және «кітаби» қазақ ақындарының (Әбубәкір, Кердері, Қаша фуддин Шаһмардан, Нұржан Наушабаев т.б.). Діни тақырыптағы қисса дастандар. Бұлардың тіліне лексикасы, морфологисы, орфографиясы және көркемдеу тәсілдері тұрғысынан талдау жасау. «Кітаби» әдебиеттің сол дәуірдегі қазақ мәдениетіне, оның ішінде тіліне тигізген пайдалы әсері. Қазақ даласында өмір сүрген «кітаби тіл» мен Орта Азиялық түркі тілінің (шағатай тілінің) арасындағы алшақтықтар, айырмашылықтар.

ә) ХХ ғ.басындағы қазақ әдеби тілі. Бұл кезде жазба әдебиеттің тақырыптық аясының кеңейе түскендігі. Бұл тұста жарық көрген көркем шығармалардың тілдік ерекшеліктерін әдеби тіліміздің даму, оның функционалдық стильдерінің қалыптасуы тұрғысынан алып талдау.

ХХ ғ. жиырмасыншы жылында А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың көркем сөздері шығып тұрған «Қазақ», «Қазақстан», «Дұрыстық жолы», «Серке» тәрізді газеттер мен «Айқап», «Абай» журналдарының бұл ретте қазақтың публицистикалық стильдік жан-жақты дамыта бастағандығы.

Осы кезеңде әр алуан тақырыптағы көпшілік ғылыми кітапшалардың («Жамандату, күйдіргі» – 1902, «Айал жайында» – 1903, «Афат яки холера әңгімесі» – 1905) кейбір ресми құжаттардың («Устав Тургайского сельскохозяйственного общества» – 1903), көркем шығармаларының (А.С.Пушкин. Капитан қызы – 1903, М.Бекинов) аударыла бастағандығы.

Әдеби тіліміздің көркем шығарма және публицистикалық стильдерімен қоса, бұл жылдары ғылыми стильдің дараланып көріне бастағандығы. Публицистика мен ғылыми әдебиеттің дами түсуіне Шәкәрімнің сіңірген еңбегі, оның прозалық шығармаларының тілі мен стилі. Әдеби тіліміздің осы кездегі (XX ғ. алғашқы жиырмамыншы жылындағы) даму дәрежесін, оның грамматикалық және лексикалық бірізділігі жағынан нормалануын, саралана түскенін әр саладағы әдебиеттердің материалы негізінде талдап көрсету.

XX ғ. бас кезіндегі қазақ тілі мен жазуына қатысты Ахмет Байтұрсыновтың еңбегі, оның қазақтың ұлттық жазуын ұғынуы, қазақ тілі оқулықтарын жазуы, қазақ тіл білімінің іргетасын қалаудағы қызметі. М.Жұмабаевтың, басқа да қалам қайраткерлерінің қазақ тілінде әліпби және де өзге түрлі оқулықтар жаза бастауы, олардың стилі. Қазақ тілі мен жазуы жайындағы әлеуметтік пікірлер мен көзқарастар.

XX ғ. 20-жылдарынан бергі (Кеңес дәуіріндегі) қазақ әдеби тілі. Қазақ әдеби тілінің әрі қарай дамуындағы қоғамның әлеуметтік, мәдени өміріндегі өзгерістердің әсері. жиырмамыншы жылдардан былай, әсіресе көркем әдебиет жанрларының қарқынды дамуы, олардың әдеби тілімізді дамытудағы орны. Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Шәкәрім, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, Б.Майлин, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов, И.Байзақовтың т.б. прозалық, драмалық және поэзиялық шығармаларының, публицистикалық туындыларының лексикасы, көркемдеу тәсілдері, морфологиялық синтаксистік тәсілдердің берілуі жағынан қазақ әдеби тіліне қосқан үлесі.

Осы тұста жарияланған алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарының, әдістемелік және ғылыми еңбектерінің тілі. А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы», «Әліпби», «Сауат ашқыш», «Тіл құрал», Ж.Аймауытовтың «Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау», Мағжанның «Педагогика», С.Сейфуллиннің, М.Әуезовтың, С.Мұқановтың әдебиет тарихы жөніндегі зерттеулерінің тіл ерекшеліктеріне талдау жасау арқылы олардың қазақтың қоғамдық ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы үлес салмағын анықтау.

М.Әуезов және қазақ әдеби тілі. М.Әуезов шығармаларындағы мәдениеттің үш салада дамыған тілдік көріністері. Оның әдеби тілімізді ең алдымен қазақтың халықтық тіл қазынасын жан-жақты және мол қамту арқылы байқалатындығы; бұл ретте қазақ тілінің байырғы сөздерін, жалпытүріктік лексемаларды, жеке түркілік тіл өрнектерін, диалектизмдерді, фразеологизмдер мен тұрақты сөз тіркестерін; мақал-мәтелдерді, шешендік нақыл сөздерді, дәстүрлі көркем бейнелеу құралдары мен айшықты тіл құралдарын, екі мыңға жуық таза түркі антропонимдерін, жеті жүздей түркі

топонимдерін, әсіресе екі жарым мыңдай тарихи этнографиялық атау терминдерді қолданғандығы.

XX ғ 20-жылдарынан бергі аралықтағы мерзімді баспасөздің (газеттер мен журналдардың), ғылыми әдебиеттің, әр түрлі білім салаларына қатысты оқулықтар мен оқу құралдарының, аударма әдебиеттердің әдеби тіліміздің даму жүйесіне, нормалану процесіне тигізген әсері. Жаңа стильдік тармақтардың пайда бола бастауы, бұрыннан бар стильдердің енді ерекше қарқынмен әрі қарай дамуы. Қоғамдық-публицистикалық стиль, көркем проза, драма жанрының да стиліне, ғылымдық әдебиеттердің тіліне, ондағы терминдік, сөзжасам проблемасына жеке-жеке тоқталу. Баспасөздің, саяси әдебиеттің кең етек алуына байланысты қоғамдық-публицистикалық стильдің жаңа сапалық сипаты алуы, қоғамдық-саяси терминдердің қалыптасу барысындағы алғашқы кездегі кейбір ала-құлалықтар.

20-30 жылдардығы тіл, әліпби, орфографиялық саласында жүргізілген реформалар. Олардың әдеби тілімізді дамытудағы маңызы. Латын жазуына көшу мәселесі. Орфографиялық ережелерді жетілдіру жолдары. 20-30 жылдардағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулердің жай-күйі. Грамматикалық және лексикографиялық еңбектер, олардың әдеби тіл нормалары бір ізге келтірудегі орны.

1940 жылғы орыс графикасына негізделген жазу жүйесін қабылдау, мұның әдеби тіліміздің сол кездегі дамуы процесіндегі көрінісі. Қазақ әдеби тіліміздің кеңестік дәуірдегі дамуына орыс тілінің тигізген әсер-ықпалы.

Қазақ әдеби тілінің жалпы кеңес заманындағы нормаларының (қалыптасу) мәселесі.

Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Қазақ әдеби тілінің кең қолданысы, жаңа сапалық дамуы.

Халық ауыз әдебиеті. Қазақ халық ауыз әдебиетінің түрлері, жариялануы және зерттелуі. Аңыздар ерекшелігі, зерттелуі, жіктелуі. Ертегілердің ерекшеліктері, зерттелуі, жіктелуі. Лиро-эпостық және эпостық жырлар. Айтыс жанры, түрлері, зерттелуі. Тұрмыс-салт жырлары: зерттелуі, іштей жіктелу ерекшеліктері.

Ежелгі дәуір және XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. М.Қашқари сөздігі. Қорқыт ата кітабы. Көне қазақ әдебиетінің даму сипаты: «Күлтегін» және «Тоныкөк» жырлары. Әбунәсір Әл-Фарабидің әдебиет тарихында алатын орны. Баласағұнидің «Құтты білік» еңбегі. Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани Хикмет» кітабының көркемдік ерекшеліктері. Хандық дәуірдегі ақын-жыраулар, өмірі мен толғаулары.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Шоқан Уәлиханов – әдебиет зерттеушісі. Махамбет Өтемісұлы шығармашылығы. Шортанбай Қанайұлының өмірі мен шығармашылығы. Ы. Алтынсариннің қазақ әдебиеті дамуында алатын орны. Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығы. Абайдың лирикалық өлеңдері, дастандары мен қара сөздері. Мағауия Абайұлының «Медғат-Қасым» поэмасы. Шернияз Жарылғасұлы шығармашылығы. Дулат Бабатайұлы шығармашылығы.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Мұхаметжан Сералиннің өмірі мен шығармашылығы. Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмірі мен шығармашылығы. С. Торайғыровтың шығармашылығы. М. Дулатов өмірі мен шығармашылығы. С.Сейфуллин өмірі мен шығармашылығы. І.Жансүгіров өмірі мен шығармашылығы. Ж.Аймауытов өмірі мен шығармашылығы. М.Жұмабаев өмірі мен шығармашылығы. Б.Майлин шығармашылығы.

Қазіргі қазақ әдебиеті. М. Әуезов өмірі мен шығармашылығы. М. Әуезовтің «Абай жолы» дәуірнамасы. С. Мұқановтың «Ботагөз» романы. Ғ. Мүсіреповтің романдары мен әңгімелері. Ғ. Орманов лирикасы. Қ. Аманжоловтың лирикасы. Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясының қазақ әдебиетінде алатын орны. Қ. Мырзалиевтің лирикасы. М. Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» дастанының көркемдік ерекшеліктері. Ә. Тәжібаевтың «Толағай» поэмасын әдеби талдау. Олжас Сүлейменовтің қазақ әдебиеті тарихында алатын орны. О.Бөкей шығармашылығы. Қ.Мырзалиев лирикасы.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Тіл білімі бойынша:

1. Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. Алматы, 1988.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1989.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы, 1992.
4. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. Алматы, 1965.
5. Бейсенбаева Қ. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. Алматы, 1973.
6. Досмұхаметұлы Х. Аламан. Алматы, 1991.
7. Дүйсебаева М. Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының мәселелері. Алматы, 1973.
8. Аханов Қ. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 1978.
9. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы, 1988.
10. Болғанбайұлы Ә, Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 1997.
11. Кеңесбаев І, Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Алматы, 1962.
12. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. Алматы: Санат, 1994.
13. Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы: Мектеп, 1974.
14. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы: Санат, 1997.
15. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977.
16. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. Алматы, Мектеп, 1975.
17. Смағұлова Г. Мағыналық фразеологизмдер сөздігі. Алматы: Сөздік-словарь, 2001.
18. Жуков В.П. Русская фразеология. М., 1986.
19. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. 2-басылуы.-Алматы, 1991.

20. Аханов Қ. Грамматика теориясының негіздері. Алматы, 1980.
21. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы, 1992.
22. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966.
23. Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология. Алматы, 1967.
24. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. Алматы, 1966.
25. Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. Алматы, 1971.
26. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. Алматы, 1998.
27. Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы, 2002.
28. Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект. Алматы, Қазақ университеті, 1999.
29. Бейсембайқызы З. Сөзжасам пәнін модуль бойынша оқыту. Алматы, Рауан, 2000.
30. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы: Ғылым, 1989.
31. Қалиев Ғ. Қазақ говорларындағы диалектілік сөз тудыру. Алматы, Ғылым, 1985.
32. Қасым Б. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер. Алматы, Ғылым, 2001.
33. Ибатов Ә. Қазақ тілінің туынды сөздер сөздігі. Алматы, Ғылым, 1988.
34. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы, Рауан, 1998.
35. Аманжолов С., Әбілқасымов А., Ұйықбаев И. Қазақ тілі грамматикасы. II бөлім. Синтаксис, 1971.
36. Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы, 1998.
37. Балақаев М.Б., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі, 1957.
38. Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер, 1981.
39. Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. 1996.
40. Қордабаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі. Алматы, 1995.
41. Қазақ грамматикасы. Алматы, 2002.
42. Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі. Алматы, 1948.
43. Досқараев Ж. Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. II бөлім. Лексика. Алматы, Ғылым, 1995.
44. Сауранбаев Н.Т. Қазіргі қазақ тілінің диалектілері. Тіл білімі мәселелері, 1995.
45. Қалиев Ғ, Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. Оқулық. Алматы, 2002.
46. Кәрімов Х. Қазақ диалектологиясы. Алматы, 1980.
47. Тасымов А. Туған тілдің бір бұтағы. Алматы, 1995.
48. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алматы, Ғылым, 1997.
49. Ағманов Е. Қазақ тілінің тарихи синтаксисі. Алматы, Рауан, 1991.
50. Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. Алматы, Ғылым, 1993.
51. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, Ғылым, 1993.
52. Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісова Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы, Алматы, Ғылым, 1973.

53. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, Мектеп, 1989.
54. Момынова Б. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. Алматы, 1993.
55. Сауранбаев Н.Т. Еңбектері. Алматы, 2000.

Әдебиеттану бойынша:

1. Абрамович Г. Введение в литературоведение. М., 1976.
2. Ахметов З.А. Өлең сөздің теориясы. Алматы, 1973.
3. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы, 1996.
4. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1989.
5. Введение в литературоведение. Хрестоматия /Под ред. П. Николаева. М., 1988.
6. Введение в литературоведение /Под ред. проф. Г.Н. Пospelова. М., 1976.
7. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы, 1959.
8. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, 1992.
9. Литературный энциклопедический словарь /Под ред. В.М. Кожевникова и П.А. Николаева. М., 1987.
10. Тимофеев Л.И. Основы теории литературы. М., 1971.
11. Словарь литературоведческих терминов. М., 1974.
12. Атымұв М. Идея және композиция. Алматы, 1970.
13. Базарбаев М. Әдебиет және дәуір. Алматы, 1986.
14. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1989.
15. Ғабдуллин Н. Ғ. Мүсірепов – драматург. Алматы, 1989.
16. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. Алматы, 1982.
17. Дүйсенов М. Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі. Алматы, 1997.
18. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы, 1966.
19. Жұмалиев Қ. Стиль – өнер ерекшелігі. Алматы, 1966.
20. Ысмаилов Е. Ақындар. Алматы, 1956.
21. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. Алматы, 1994.
22. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті (оқулық). Алматы, 1974.
23. Садырбаев С. Қазақ халық әдебиеті (хрестоматия). Алматы, 1990.
24. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том, 1-кітап. Алматы, 1960.
25. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том, 2-кітап. Алматы, 1964.
26. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. Алматы, 1996.
27. Дәдебаев Ж., Сағындықов Н. Қазақ әдебиеті: Ежелгі дәуір. Алматы, 2002.
28. Келімбетов Н. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті. Алматы, 1991.
29. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. Алматы, 2000.
30. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. Алматы, 1974.
31. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. I-кітап. Алматы, 2001.
32. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. Алматы, 1998.
33. Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиеті. Алматы, 1996.
34. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. Алматы, 1985.
35. Сүйіншалиев Х. VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті.
36. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1997.

37. Әуезов М. Әдебиет тарихы.-Алматы, 1991.
38. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Шығармалар. Алматы, 1989.
39. Дербісәлин Ә. Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті. Алматы, 1966.
40. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. Алматы, 1994.
41. Исмаилов Е. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1940.
42. Қазақ әдебиетінің тарихы. II том, II кітап. Алматы, 1965.
43. Кенжебаев Б. XX ғ.басындағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1983.
44. Кенжебаев Б. Есназаров Ә. XX ғ.басындағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1966.
45. Мұқанұлы С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті.-Қызыл Орда, 1932.
46. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1997.
47. Әбдиманұлы О. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 2002.
48. Белинский В.Г. Собрание сочинений в трех томах. Алматы, 1997.
49. Кәкішев Т. Сын сапары. Алматы, 1971.
50. Кәкішев Т. Оңаша отау. Алматы, 1987.
51. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, 2002.
52. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті, Алматы, 1999.
53. Серікқалиев З. Алтын жамбы. Алматы, 2001.
54. Ысқақұлы Д. Сын шын болсын. Алматы, 1993.
55. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. Оқу құралы. Алматы, Білім, 1993.
56. Дәдебаев Ж.Д. Қазіргі қазақ әдебиеті. Оқу құралы. Алматы, Қазақ университеті. 2002.
57. Әбдешұлы Қ. Әлімқұлов Т. шығармаларындағы және 60-80 жылдардағы қазақ прозасы. Алматы, 2001.
58. Кәкішев Т. Мағжан – Сәкен. Алматы, 1999.
59. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. Алматы, 2001.
60. Майтанов Б. Сөз сыны. Алматы, 2002.
61. Нұрғали Р. Әуезов және Алаш. Алматы, 1997.
62. Сыздықов Қ. Мұхтартанудың беймәлім беттері. Алматы, 1997.
63. Тұрысбек Р. Ж.Аймауытов. Алматы, 1999.
64. Ысқақұлы Д. Сын сымбаты. Алматы, 2000.
65. Хамзин М. 60-80 жылдардағы қазақ романы. Алматы, 1997.